

ЖАЛАҒАШ ИНДУСТРИАЛДЫ - АГРАРЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН ОҚЫТУШЫЛАРЫ ЖӘНЕ СТУДЕНТТЕРІНІҢ АР-НАМЫС КОДЕКСІ

Жалағаш индустриалды - аграрлық колледжінің қызметкерлері мен оқытушылары мен студенттерінің Ар-намыс Кодексі оқу мен жұмысқа қолайлы этикалық және психологиялық ахуал орнатуға арналған міндеттері мен тәртіптерінің жүйесі өнегелілік ережелерінің, әдептілік принциптеріне негізделген.

Жалағаш индустриалды – аграрлық колледжінің қызметкерлері мен оқытушылары мамандығын жетік меңгерген, жаңашыл ойлауға қабілетті, ой-өріс мүмкіндіктерін игерген, кәсіби және мәдени бағытталған тұлғаны дайындауды іске асыруда өз жауапкершілігін сезіне отырып, студенттермен бірлесіп басқару принциптерін дамыту мен нығайту мақсатында Ар-намыс Кодексін қабылдайды. Қызметкерлер мен оқытушылар мен студенттер колледждің өнегелілік пен танымдылықтың үлгісі болуына және Қазақстанның техникалық кәсіптік оқу орындарының алдыңғы қатарын құруға белсенді атсалысады.

Мақсаты:

Бұл Кодекс мынадай мақсаттарға жетуді қамтамасыз етеді:

- сапалы кәсіптік білімді ұсыну;
- білікті көзқарасы арқылы болашақ мамандар мансабының өсуіне көмектесу;
- өмірлік көзқарасы белсенді азаматтарды, бәсекелі ортада жұмыс істей алатын жетекшілерді тәрбиелеу;
- студенттердің көпқырлы қызығушылықтары мен шығармашылық қабілеттерін дамыту.
- білім алушыларды болашақта Қазақстанның экономикалық, саяси және басқарушылық элитасына лайық сапалы және бәсекеге қабілетті білім алуға, парасаттылықтың, мәдениет пен адамгершіліктің үлгісі болуға ұмтылдыру

Мазмұны:

Колледждің оқытушылары мен студенттерінің оқу және еңбек тәртібі ережелерін сақтауы Колледждің Жарғысына, Ішкі тәртіп ережелеріне, осы Кодекстің нормаларына, сонымен қатар жалпы және іскерлік этика ережелеріне сәйкестікте жүзеге асырылады.

Негізі:

Кодекс Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжінің қызметкерлері мен оқытушылары және студенттерінің тәртіптерінің этикалық негіздері мен қарым-қатынастарын реттеуге негіздеген.

- емтиханды жазбаша тапсыру, реферат, бақылау жұмысын орындауда өз жеке еңбегі нәтижесі ретінде басқа біреудің жұмысын көрсетпеуге (интернет және басқа электронды, web-көздері);
 - себепсіз сабақтан кешігпеуге немесе қалмауға;
 - сабақ уақытында ұялы телефонды пайдаланбауға, арнайы техника қолдану арқылы ойын ойнап, музыка тыңдамауға;
 - басқа студенттердің қарым-қатынас жасауда іскерлік ережені және студенттік этика қағидаларын сақтауға;
 - жүріс-тұрысында, киім киюде ұқыпты болуға;
 - жатақханада тұрғанда әкімшілік және басқа тұрғындармен келіспеушіліктен аулақ болуға және олармен жақсы қарым-қатынаста болуға;
 - колледж әкімшілігімен, қызметкерлерімен және оқытушыларымен сыпайы қарым-қатынаста болуға және дөрекілікке жол бермеуге;
 - жеке тұлғаның намысына тиетін лексика және нормаға сай емес сөздер қолданбауға;
 - колледж бірлестігінде өзара сыйластық пен сенім кеңістігін, жоғары академиялық мәдениетті құптауды қамтамасыз етуге, пайда болған араздықты бейбіт жолмен шешуге тырысуға, басқа студенттерге қатысты жасалған қорлыққа жол бермеуге;
 - колледждің беделіне немесе студенттік бірлестік абыройына нұқсан келтіретін іс-әрекеттен аулақ жүруге;
 - колледж аумағында және оқудан тыс уақытта алкагольдік ішімдіктер, наша заттарын қолданбауға;
 - колледж мүлкінің бүтіндігін сақтауға;
 - колледж имиджінің жақсаруы, бірлестік мәдениетін көтеру, студенттік белсенділікті дамыту (ғылыми-оқу, спорттық, шығармашылық, азаматтық) студенттік өзін-өзі басқару жүйесін нығайтуға бағытталған қажетті және пайдалы барлық іс-әрекетті қолдауға;
 - осы Кодекс ережелерінің бұзылуына қатысты жағдайды шешуге қатысуға, оқу үрдісіне және жалпы ұйымдастыру сұрақтарына байланысты өз пікірін айтуға құқылы.
 - бөлімшедегі студенттердің өз-өзін басқару органдары өз қалауы бойынша берілген кодекс ережелерін бұзушыларға: көпшілік талқысына салуға, студенттік өз-өзін басқару ісіне қатысу құқығынан уақытша айыруға құқылы. Бөлімше мұндай талқыға салу сұрақтарын студенттік өзін-өзі басқару ұйымында өздері шеше алады.
-

- кәсіби шеберлік, ғылыми және кәсіби білімдарлық, сендіру қабілеттерінің болуына және үлгі-өнеге көрсетуге;
 - оқытушы кәсіпқойлығын және колледж беделін арттыратын білім беру, мәдени және спорттық сипаттағы іс-шараларға белсенді қатысуға;
 - өздігінен білім алумен айналысу, біліктілігін арттыруға;
 - жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға;
 - қызметтік ақпаратты пайдақорлық пен басқа да жеке мақсаттарға қолданылуына жол бермеуге;
 - іске деген өз қатынасымен және жеке мінез-құлқымен ұжымда тұрақты және моральдық-психологиялық жағдай жасауға әсер етуге;
 - кадрларды жерлестік және тамыр-таныстық белгілері бойынша іріктеу жағдайларына жол бермеуге;
 - әріптестер тарапынан қызметтік тәртіп қағидаларын бұзу жағдайларына жол бермеуге;
 - іскерлік және жалпы мәдениетті сақтау, адамгершілік-этикалық қасиеттердің жоғары деңгейін: сыпайылық, әдептілік, төзімділік, биязылық пен құрмет, адалдық, табандылық, әділеттілік, ибадаттылық, коммуникабельдік, сабырлық, мейірімділік, қатынасу дарындылығын көрсетуге;
 - басшылыққа оқу және қоғамдық қызмет мәселелері, сонымен қатар, егер жалпы тәртіп қағидаларына қарама-қайшы болмаса, жеке сипаттағы мәселелер жөнінде белгіленген тәртіпте жүгінуге;
 - міндеттерді және бағынушы қызметкерлер өкілеттіліктерінің көлемін олардың лауазымдарына сәйкес нақты анықтау, бағынушы қызметкерлерге орындай алмайтын бұйрық бермеу және олардың қызметтік міндеттер шеңберінен тыс тапсырмаларды атқаруларын талап етпеуге;
 - бағынушы қызметкерлерге не болмаса студенттерге қатысты негізсіз айыптарды, дөрекілікті, адами абыройын кемсітуді, жөнсіздікті болдырмауға;
 - бағынушы қызметкерлерді не болмаса студенттерді жалпы қабылданған моральдық-этикалық қағидаларға үйлеспейтін құқыққа қайшы теріс қылықтарды немесе әрекеттерді жасатуға итермелемеуге міндетті.
-